

Ақтөбе облысы
Шалқар қаласы
№5 орта мектеп

Ғылыми жоба

Тақырыбы:

“Ұялы телефонның
пайдасы мен зияны”



Авторы: Мұрат Диляра Нұрболқызы

Жетекшісі: Берентаева Эльмира Қойбағарқызы- бастауыш сынып мұғалімі

2016 оқу жыл

Түйіндеме

Аты: Диляра

Тегі: Мұрат

Әкесінің аты: Нұрболқызы

Туған жылы: 01.10.09

Мектепбі: № 5

Класы: 1 «Б»

Құштарлығы: кітап оқу, сурет салу



Зерттеудің мақсаты: Ұялы телефонның адамзатқа тигізер пайдасы мен зиянын анықтау

Өзектілігі: Ұялы телефонның адам өмірде маңызы орасан зор бола тұра, оның денсаулыққа тигізер зиянын анықтау.


Зерттеу ғылымының жаңалығы: Біздер телефонның пайдасы көп екенін білеміз. Алысты жақындатып, тума – туыспен хабарласып амандығын біліп отырамыз. Керекті мәліметті де ұялы телефон арқылы анықтай білеміз. Ғылыми жұмыс – маған көп көмегін тигізді. Өйткені, әр түрлі кітаптар, газет – журналдар оқыдым. Ұялы телефон жайлы қызықты мәліметтер жинадым. Керек мәліметтерді таңдап, қорытынды жасадым. Дәрігермен сұхбат жүргіздім.

Зерттеу жұмысының негізгі болжамы:

Ұялы телефонның адам денсаулығына тигізер зиянын біле тұра, күнделікті өмірде қауіпсіз қолдану.

Ұялы телефон қазіргі таңда әрбір адамның күнделікті өмірде қолданып жүрген үйреншікті затына айналған. Ұялы телефонның дамып кеткені соншалықты, кез - келген адам ұялы телефонсыз жүре алмайды деп те айтуға болады. Жұмыста, сабақта, серуендеп жүрсе де адам үшін қажетті затқа айналған, алайда ұялы телефонның адам денсаулығына пайдасы ғана емес, зияны бар екенін де ұмытпау керек. Сол себептен мен үшін осы тақырыпты таңдап, талдау өте қызықты мәселе болып саналды.

1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің Шешендік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің дауысын естиді. Өнертапқыш шотландтықтың бұл жаңалығы тарих бетінде телефон деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда, «қоңырау» деген мағына береді.




Ұялы телефонның түрлері:

Жай ұялы телефонда қоңырау шалу (қабылдау, SMS, соңғы кездері фото) бейнекамера, саз, флеш-жад, интернет, MMS деген сияқты функциялары бар. Бұл қатар уақыт өткен сайын көбейіп барады.

Смартфон (білімді, ақылды) құрылымы жағынан компьютерге ұқсас болып келеді. Оның ішіндегі функциялар бағдарлама ретінде жасалынған, ал олар смартфонның **амалдық жүйесінде** істейді. Мұнымен қатар өз бағдарламаларыңызды қосуға болады. Мысалы ойындар, ойнатқыш, **шолғыш**, т.с.с. Сол себепті смартфон жай ұялы телефонға қарағанда күрделі, функциялары кеңейтілетін құрылғы.

Бейнетелефонда ұялы телефонның **бейнекамерасы** мен бейнебет арқылы бірін бірі көріп сөйлесуге болады.





Ұялы телефонмен жасалған алғашқы нағыз байланыстың тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы байланыс компаниясының қызметкері Мартин Купердің зерттеулер бөлімінің басшысы Белл Лабсқа Нью-Йорк көшелерінде серуендеп жүріп соққан қоңырауы ұялы телефонмен алғашқы байланыс орнату саналады. Купердің өзі таратқыштан сигнал жіберу хаттамасының негізгі құрастырушысы еді. Ал ол қолданған телефонның салмағы, яғни ең алғашқы ұялы телефон 1,15 килограмм тартатын.

Ұялы телефонның пайдасы



Ұялы телефондардың артықшылығы: Әр адам және кез келген уақытында пайдалана алады. Яғни, әр түрлі жағдайда адаммен хабарласа алады. Екіншіден, ол өте кішігірім болып келгендіктен, күнделікті өмір де өзіңізбен ұстай аласыз.

Сабақта және жұмыста кез келген жерде қолдана отырып, интернет желісіне қосылып, керекті мәліметтерді табуға болады. Көзді ашып жұмғанда лезде керекті мәліметтер табыла қояды. Суреттер мен құжаттарды алыс – алыс жерлерге жіберуге де болады.

Ұялы телефонның зияны

Ұялы телефондардың кемшілігі
Ең бастысы адам денсаулығына зиян болып келеді де, көптеген аурулар пайда болады. Осымен қатар, сіз ұялы телефондарға тәуелдісіз.



Ұялы телефонның зияндары

Соңғы жылдарда өмірімізге жылдам кіріп келген ұялы телефондардың көптеген пайдалы жақтары болғанындай, зиянды жақтары да көріне бастауда.

- Ұялы телефон радиация тарататыны үшін өте зиянды. Бір сәттік үшін зияны аңғарылмауы мүмкін. Бірақ ұзақ уақыт қолданылғанда зияны өте көп.
- Ми, көз, құлақ, кеуде, жүрек және басқа да мүшелерде дегенерация пайда болады.
- АҚШ дәрігері Девра Давис былай деген: «Ұялы телефонымен сөйлескен кезде ми жасушаларының бір бөлігі өле бастайды...»
- Жас балаларға, жүкті әйелдерге және егде жастағы кісілерге өте зиянды.
- Оны көйлекте емес, сыртқы қалтада алып жүру керек.
- ДНК-ның бұзылуына да себеп болады.
- Есте сақтау қабілетіне және шаш тамырларына зиян келтіреді.
- Бір күнде 20 минуттан көп сөйлеспеу керек.
- Ұялы телефондар әсіресе желі ұстамай тұрғанда және батарейкасы азайған кезде көп радиация таратады.
- Жатарда да телефонды өзінен кемінде 1-1,5 м алыстау қою керек.
- Сөйлескенде құлақты жиі ауыстыру керек.


ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ



САУАЛНА

МА

Сауалнама сұрақтары



1. Ұялы телефоннан шығатын сәулелер адам денсаулығына зиянды деп ойлайсыз ба?

а/ Иә. ә/ Жоқ. б/ Білмеймін

2. Сіз ұялы телефон таңдағанда төмендегі көрсетілген қасиеттердің қайсысы маңызды деп есептейсіз?

а/ Құны ә/ Төзімділігі
б/ Қызмет түрлері. в/ Өндіруші танымалдығы.

3. Ұялы телефонмен хабарласудың қай түрін жиі пайдаланасыз?

а/ Сөйлесуді ә/ SMS арқылы байланысуды

4. Ұялы телефонмен орта есеппен (1 хабарласуға) қанша уақыт сөйлесесіз?

а/ 10-45 сек
ә/ 5-10 минут
б/ 15 минуттан артық

5. Үйде болсаңыз қай телефонды қолдануға тырысасыз?

а/ Үй телефонын ә/ Ұялы телефонды

САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ



ҚОРЫТЫНДЫ

Осындай мәліметтерді жинай отырып, мындай болжам жасадым: Ұялы телефон адам ағзасына зиян. Бірақ, адамдар ұялы телефонның пайдалану ережелерін сақтаса, оның адам ағзасына әсер ететін зияны төмен болуы мүмкін деген болжамға келдім.

Ұялы телефонды мектеп ішінде қолдану ережесі бар екенінде ұмытпайық. Әсіресе жоғары сынып оқушылары көп қолданады. Бізге апайымыз ережелерді үнемі еске салып, ата – аналарымға ескертіп тұрады. Осы ережелерді ұстансақ, денсаулығымызға да, сабағымызға да кедергі болмайды деп ойлаймын. Жастарды ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарын айтып түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды кітаптағы, энциклопедиядағы ресми газет - журналдардағы ақпараттармен салыстырып, қабылдау керектігін ескертуге тиіс. Және де ғаламтордағы зорлық - зомбылыққа, қылмысқа тәрбиелейтін бағдарламалардан сақтандырып отыру керек.

Назарларыңызға
рахмет

